

**«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ермекбаева Акбопе Тонтаевнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог- бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

### **ШҚІРІ**

Диссертациялық жұмыстың нақты көлемі- 120 бет. Ол кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың мұнан кейінгі бөлімінде қосымшалар берілген. Онда диссертациялық зерттеудің нәтижесінің практикаға енгізілуін көрсететін құжаттар тіркелген. Сонымен, жұмыстың жалпы көлемі 147 бет.

#### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы.**

Республикамыздағы ғылым мен техниканың қазіргі таңдағы даму қарқыны жастарды зерттеушілік іс-әрекетке мектеп қабырғасынан бастап-ақ бағыттауды көздеп отыр. Оның дәлелі - ҚР Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы № 266 бұйрығымен бекітілген Н.Ә.Назарбаев зияткерлік мектебінің бастауыш сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы – «Мен зерттеушімін» деген тақырыптан басталатындығы. Ал, мектеп оқушыларын болашақта ғылымға тарту, зерттеушілікке бағыттау, берілетін теориялық білімді өздігінен іздену арқылы ғылыми негізде меңгерту болашақ педагог мамандардың үлесіне тимек.

Болашақ биология пәні маманының кәсіби құзыреттілігін күшейтетін, бәсекеге қабілеттілігін арттыратын мәселелердің бірі және бірегейі олардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру екені анық. Сонымен қатар, зерттеушілік іс-әрекет әр уақытта ең алдымен өлкелік нысандарды ғылыми тұрғыдан бақылау, зерделеу, салыстыру, қорытындылау оның нәтижесін ғылым мен тәжірибеге ендіруден басталмақ. Осы тұрғыдан алғанда, келешекте оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра білетін, оны жүзеге асырудың формасы мен әдістерін меңгерген мұғалімді дайындау педагогикалық жоғары оқу орындарының міндеті болып отыр.

Сондықтан да, ізденуші Ермекбаева Акбопе Тонтаевнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог- бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі ғылыми және мемлекеттік бағдарламалар талабына сәйкес болашақ мамандарды даярлауда өзекті мәселеге арналған.

#### **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Зерттеу барысында ізденуші төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

1. Болашақ биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындауда өлкелік компонентті пайдалануға байланысты шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне талдау жасаған. Әсіресе, әрбір өлкенің табиғи ерекшеліктері мен жеке компоненттеріне көңіл бөлудің ғылыми негіздеріне арналған ғылыми және әдістемелік еңбектерге баса көңіл бөлінген. Талдау нәтижесінде болашақ биолог мұғалімдердің өлкелік компонентті зерттеу және оның нәтижесін тәжірибеге енгізу іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері сараланған. Ғылыми жұмыстарды талдау барысында өлкетану жұмысының түрлерінің мәнін аша отырып, оның ішінде өлкетанудың ғылыми түріне жататын жергілікті жыландарды зерттеу мәселесінің өзіндік ерекшелігінің теориялық негізіне толық тоқталған.

2. ЖОО-да биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылған жұмыстар: топсаяхат, дала практикасы, сабақ т.б. арқылы жүзеге асқандығы нақты деректермен дәлелденген.

3. ЖОО-да биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу және оның нәтижесін білім жүйесіне ендіру тұтас педагогикалық үдеріс ретінде қаралып, оның ғылыми мақсатты мен жүйелі ұйымдастырылуының мүмкіндіктерін айқындаған.

Мақсаттық-бағдарламалық және кешенді ұйымдастырылған зерттеу арқылы өлкелік-педагогикалық үдерісті реттеу және оның нәтижесін ғылыми тұрғыдан жинақтау мәселелері нақты жүргізілген бақылаудың, тәжірибенің, эксперименттің негізінде ұсынылған. Өлкелік компонентті білім беру жүйесіне енгізу аймақтық білім берудің түрлі баспалдақтарында оңтайландырылып қолдану арқылы еліміздің бүгінгі әлеуметтік-экономикалық даму ахуалын жастардың көзалдына елестетудің керектігі мемлекеттік білім беру стандартында да өте өзекті мәселелердің бірі ретінде көрсетіліп отырғандықтан, автор өзінің зерттеуінде бұл мәселені ғылыми тұрғыдан қарастырып, сабақ, лабораториялық жұмыстар, зерттеу сабақтары барысында қолданудың жолдарын шынайы түрде көрсете білген. Зерттеу негізінде жинақталған жергілікті материалды (жыландардың биоэкологиялық ерекшеліктерін) білім беруде қолданудың мүмкіндіктеріне байланысты қағидалары нақты деректермен дәлелденген.

4. Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың әдістемесі берілген.

Өлкетану түрлері: танымдық, тарихи, мәдени, ғылыми т.б. болып бөлінетінін білеміз. Солардың ішінде диссертанттың қарастырып отырған түйінді мәселесі-өлкелік компонент ретінде ғылыми өлкетанымға жатады. Сондықтан, Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін қоршаған ортаға оның табиғи жағдайына байланысты зерттеуді мақсат етіп, өлкелік компонент ретінде қарастырған. Себебі, жыландар Қазақстанның барлық аймағында кездесе отырып, әр аймақтың табиғи жағдайына

байланысты олардың дене құрылысы (түрі-түсі, дене тұрқы, қозғалу икемдігі т.б.) тіршілік әрекеті (қоректенуі, жемін ұстауы, баспана жасауы т.б.), табиғи ортаға пайда, зияны т.б. өзгеріп отырады. Бұл зерттеу барысында тіршіліктің өзін қоршаған ортаға бейімделетіндігін және соған қарай икемделуін көруге жағдай жасайды. Осы ерекшеліктерді зерттеп, ажырата алған болашақ педагогтар өлкелік компоненттерді зерттеудің әдіс-тәсілдерін меңгерумен қатар, дүниенің біртұтастығына көздері жетіп, кейін оқушыларға білім беруде осы біліктерін іс жүзінде қолдануды жүзеге асырады. Міне, осы тұрғыдан алғанда зерттеушінің өлкелік материалды білім беруде пайдаланудың формаларын (сабақта, сабақтан тыс жұмыстарда, сарамандық жұмыстар кезінде, дала практикасы барысында т.б.), әдіс-тәсілдерін (бақылау, тәжірибе, эксперимент, салыстыру, талдау, қорытындылау т.б.) дәлелді және шынайы көрсете білген.

Жергілікті материалды білім беруде пайдалануға байланысты берген әрбір әдістемелік тұжырымдары дәлелді және шынайы.

5. Ұсынылған әдістемнің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексеріліп, дәлелденген және оқу үдерісіне ендірілген. Эксперимент жұмысы таңдау пәні ретінде «Қазақстан жыландарының биологиясы және экологиясын» оқыту барысында орындалған.

Педагогикалық эксперимент барысында оны үш кезеңге бөле отырып, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктеріне нақты тоқталып, олардың нәтижесін ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, көрсете білген.

Зерттеуші қалыптастыру эксперименті кезінде өлкелік компоненттің биоэкологиясын оқытуда пән аралық байланысты күшейту үшін «Омыртқалылар зоологиясы», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Өсімдіктер мен жануарлар экологиясы», «Қазақстандағы биогеоценоздар», «Эволюциялық ілім», «Цитология және гистология», «Қазақстан биоресурстары» пәндердің тақырыптарымен байланыстырудың жолдары мен әдістеріне тоқталып, нақты сабақ жоспарларын беру арқылы дәлелдеген.

Өлкелік компоненттің мазмұнының практикалық бағыттылық принципін жүзеге асыру мақсатымен биолог студенттердің пәндік және әдістемелік дайындығы құрамына талдаушылық-бағалаушылық, прогностикалық, рефлексивті сипаттағы экологиялық және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің алуан түрлерінің дамуына бағытталған тапсырмаларды енгізген. Мәселен, кәсіптік іскерліктерді қалыптастыру үшін ғылыми-ізденушілік әдістерді қолдана білу; экожүйені комплексті қарай отырып, жыландар тіршілігіне табиғи ортаның тигізетін әсерін бағалау; табиғатты қорғауға арналған іс-шараларын құрастыру т.б.

Эксперименттік жұмыс барысындағы студенттердің өзіндік зерттеу жұмыстарының мазмұны мен көлемі айқындалған. Жыландардың биоэкологиясы туралы білімдер келесі пәндердің – «Омыртқалылар зоологиясы», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Қазақстандағы биогеоценоздар», «Эволюциялық ілім», «Цитология және гистология», «Қазақстан

биоресурстары», «Өсімдіктер мен жануарлар экологиясына» бөлінген сағат сандарының негізінде және сол пәндерінің бағдарламасында көрсетілген жергілікті материалдарды ендіруге бөлінген уақыттың көлеміне негізделі отырып, жеке таңдаулы пән ретінде қарастырылған.

Эксперименттік бөлімде таңдау пәнін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жүйелеуге арналған «Биологияны оқытуда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты әдістемелік нұсқау дайындалып, оны сабақты ұйымдастыру барысында жүйелі түрде қолданғандығы сипатталады.

Эксперименттік бөлімде жыландарға жүргізілген бақылаулар, тәжірибелер т.б. студенттер жүргізген зерттеу жұмыстарын сабақтар барысында қалай қолданғанын нақты дәлелдер арқылы көрсетеді.

Жұмыстың әрбір бөлімінде берілген сызбалар да орынды келтірілген.

Диссертациялық жұмыстың құндылығы – студенттерді, яғни болашақ биолог мұғалімдердің жергілікті компоненттерді зерттеу біліктіліктерін қалыптастыра отырып, олардың нәтижесін білім беруде пайдалануға жаттықтыру, келешекте жас мамандарды оқушылармен жүргізетін ғылыми жұмыстарға дайындау мақсатын жүзеге асырудың негізі болып саналатындығында.

**Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

*Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі* - диссертанттың педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны мен құрылымындағы өлкелік компонентті пайдаланудың теориялық мәселелерін саралауды нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негіздеген және жеке ойын тұжырымдап, теориялық тұрғыдан өзіндік қорытынды жасай білгендігінде.

*Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі* - ЖОО-да биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылған жұмыстар: топсаяхат, дала практикасы, сабақ, сабақтан тыс жұмыстар т.б. арқылы жүзеге асқандығын нақты деректермен дәлелденгендігінде.

*Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі* – ЖОО-да биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін білім жүйесіне ендіру тұтас педагогикалық үдеріс ретінде қаралып, оның ғылыми мақсатты мен жүйелі ұйымдастырылуының мүмкіндіктерінің айқындалғандығында.

Мақсаттық-бағдарламалық және кешенді ұйымдастырылған зерттеу арқылы өлкелік-педагогикалық үдерісті реттеу және оның нәтижесін ғылыми тұрғыдан жинақтау мәселелері нақты жүргізілген өлкелік бақылаудың, тәжірибенің, эксперименттің негізінде ұсынылғандығында. Нәтижесінде сабақ, лабораториялық жұмыстар, зерттеу сабақтары барысында өлкелік

материалды қолданудың жолдарын шынайы түрде көрсете білгендігінде. Жергілікті материалды білім беруде қолданудың мүмкіндіктеріне байланысты қағидалары нақты деректермен дәлелденгендігінде.

*Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* - ғылыми өлкетанымға жататын өлкелік материалдарды зерттеуді жергілікті қоршаған ортаға оның табиғи жағдайына байланысты зерттеуді мақсат етіп, өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық жағдайын ендірудің ерекшеліктерін талдай білгендігінде. Тіршіліктің өзін қоршаған ортаға бейімделетіндігін және соған қарай икемделуін көрсету үшін болашақ педагогтарға өлкелік материалды зерттеудің әдіс-тәсілдерімен зерттеуді ұйымдастыру формаларын нақты дәлелдермен көрсетуінде.

Жергілікті материалды білім беруде пайдалануға байланысты әдістемелік тұжырымдарының дәлелділігінде.

*Бесінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* - ұсынылған әдістеменің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексеріліп, дәлелденіп, оның оқу үдерісіне ендірілгендігінде. Эксперимент жұмысы таңдау пәні ретінде «Қазақстан жыландарының биологиясы және экологиясы» оқыту арқылы ұйымдастырылып, оның әрбір кезеңінің нәтижесінің ғылыми тұрғыдан қорытындыланып, дәлелденуінде.

*Алтыншыдан, автордың зерттеу жұмысының ұтымдылығы* – студенттердің өлкелік материалды зерттеушілік жұмыстарының нақты нәтижелер алуға негізделгендігінде. Болашақ биолог мамандардың өлкелік компонентті өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың мүмкіндіктерінің саралануында.

**Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.**

Диссертациялық жұмыс нәтижесінде:

- Ғылыми жұмыстарды талдау барысында болашақ биолог мұғалімдердің өлкелік компонентті зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерінің айқындалуы, өлкетанудың ғылыми түріне жататын жергілікті жыландарды зерттеу мәселесінің өзіндік ерекшелігінің теориялық негізінің саралануы жаңалық;

- Биолог- бакалаврларды дайындауда олардың жергілікті компонентті зерттеушілік іс – әрекетін қалыптастырудың (Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктері мысалында) әдістемесінің жасалуы жаңалық;

- «Қазақстан жыландарының биологиясы және экологиясы» элективті пәнінің оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені, әдістемелік нұсқаулық дайындалған және оқу үдерісіне ендірілген- бұл жаңалық;

- «Биологияны оқытуда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты әдістемелік нұсқау дайындалып, өлкелік компонентті сабақта жүйелі түрде қолдану жолдарының көрсетілуі - жаңалық. Зерттеу тақырыбының нәтижесі бірнеше оқу орындарында қолданылып, талқыдан өткен.

Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда, педагогтардың біліктілігін арттыру курстарында, орта мектепте биология пәнін оқытуда пайдалануға болады.

### **Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық маңыздылығы:

- болашақ биолог мамандарды пәндік және әдістемелік дайындығы жүйесінде өлкетану элементтерін пайдаланудың жолдарын, формалары мен құралдарын анықталды;

- зерттеу жұмыстары нәтижелері негізінде педагог кадрларды даярлаудың пәндік және әдістемелік бағыттарының жүйесі анықталды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы:

- дала практикасы жағдайында зерттеу жұмыстарына қажетті биологиялық және экологиялық материалды жинақтау сол бойынша кәсіптік іскерлік терді қалыптастырылды;

- жыландарды зерттеу кезінде ғылыми-ізденушілік әдістерді қолданылды;

- жыландарды зерттеуде бүкіл экожүйені комплексті қарай отырып, жыландар тіршілігіне табиғи ортаның тигізетін әсерімен қатар антропогенді әсердің деңгейін бағалағанды;

- жыландардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңыздылығын бағаланды;

- зерттеу жұмыстары нәтижесінде табиғатты қорғауға арналған іс-шаралардың тақырыптарын құрастырылды (білім алушылардың денсаулығы мен өміріне қауіпсіздігінің талаптарын міндетті сақтау арқылы) және т.б.

- болашақ мамандардың оқу-зерттеушілік іс-әрекетінің сабақтастығын қамтамасыз етілді;

- оқу және зерттеушілік іс-әрекеттер түрлерін қалыптастырудың үздік сіздігі мен жалғасуы идеясын жүзеге асырылды.

### **Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Дегенімен, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына байланысты мына төмендегідей ескертпелерді атамақпыз:

1. Жергілікті компоненттерді зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыру мәселесіне байланысты Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне баса көңіл аударылып, толық талдау жасалса, диссертациялық жұмыстың теориялық мазмұны тереңірек ашыла түсер еді.

2. Диссертация мазмұнында стилдік грамматикалық қателер кездеседі.

3. Қосымшада келтіріліген кейбір материалдардың (137 беттен бастап) диссертацияға тікелей қатысы жоқ деп есептейміз.

Бұл келтіріліген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.

**Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.**

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ермекбаева Ақбөпе Тонтаевнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог- бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, өз бетімен орындалған, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір жазған:

педагогика ғылымдарының докторы,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры



Қазна Аймағамбетова

Қолы  
Подпись  
Рыстаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы  
Заверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета